



Т. ЕСЕТОВ АТЫНДАҒЫ № 264 МЕКТЕП- ЛИЦЕЙ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ ІІІ ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕБІ

2024- 2025 оқу жылының ІІІ тоқсанында Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығы үйірме мүшелері білімдері мен өнерлерін шындай отырып, біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында шығармашылық іс-шаралар жоспарын жалғастырды және мектеп-лицей Facebook парақшасы, қосымша орталықтың Instagram желілері арқылы жарияланды.

Атай кетсек, 31 қаңтар күні «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» қауіпсіздік сабағы, 5 ақпан күні «Әншуақ» республикалық балалар фестивалі аясында жергілікті балалар композиторы Шынымов Сәкен Айтбайұлымен «Өнерін әнмен өрнектеген» тақырыбында кездесу кеші, 7 ақпан күні Үштік одақ - ата-ана, оқушы, қосымша білім беру педагогтары арасында «Мен үшін өмір керемет!» тақырыбында дөңгелек үстел, 14 ақпан күні «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі, 21 ақпан күні «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс кезіндегі қауіпсіздік сабағы, 25 ақпан күні ЕББҚ оқушылар үшін цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, танымын ойын әдістері арқылы дамыту семинары, 28 ақпан күні 1наурыз Алғыс айту күніне орай «Қосымша білім беруді сапалы ұйымдастыру – оқушының жан-жақты дамуының жаңа қыры» тақырыбындағы ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнінің мерекелік концерттік бағдарламасы, 7 наурыз күні «Ананың аялы алақаны» челленджі, «Әншуақ» балалар фестивалі аясында «Екі жұлдыз» байқауы (жеңімпаз жұптар мектеп-лицей директорының арнайы дипломдарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды) және «Сыйынар ем, Ана деген тәңірге!» тақырыбында мерекелік шара, 14 наурыз күні «Көрісу күні – Амал күні» мерекесіне орай қалалық Ардагерлер үйінде «Жаңа өмір, жаңа жыл, жаңа күнмен көрісу» тақырыбында ардагерлерді құттықтау шарасы (қосымша білім беру педагогтары Алғыс хатпен марапатталды) және «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі, 17 наурыз – Мәдениет және Ұлттық салт-дәстүр күні Қызылорда облыстық мемлекеттік архивтің ұйымдастыруымен өткен «Наурыз мейрамы – салт – дәстүрлер салтанаты» іс-шарасы (қосымша білім беру педагогтары Алғыс хатпен марапатталды), 18 наурыз Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жақсылық жаса – балаға» тақырыбында қайырымдылық акциясы, 20 наурыз күні үйірмелер арасында «Наурыз – жыл басы» мерекелік шарасы ұйымдастырылды және 22 наурыз күні «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері Облыстық білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының» ұйымдастыруымен «Наурызнама» онкүндігі тұжырымдамасы шеңберінде білім беру ұйымдарының оқушыларының қатысуымен қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық құндылықтарын кеңінен насихаттау мақсатында өткізген «Дала

думан» күйшілер челленджін Шиелі ауданы оқушыларынан қабылдап алып, Қызылорда қаласының қосымша білім беру ұйымдарының қорытындылаған челленджіне атсалысты. Сурет үйірме мүшесі, 5 «Б» сынып оқушысы Мұратбек Хамида мектепшілік өткізілген «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбындағы сурет байқауында жүлделі ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Атқарылған жұмыстар толық мектеп-лицей Facebook парақшасы, қосымша білім беру орталығының Instagram желілері арқылы жарияланды.

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі:  М. Рахметова